

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ТҮРІК ТІЛІНІҢ СӨЗДІКТЕРІНДЕГІ ДЕНЕ МҮШЕ АТАУЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Турарханова К.М.

Kymbat-9697@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ тілі» мамандығының студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент К.К.Кенжалин

Түркітануда фразеологизм туралы алғашқы еңбектер 40-жылдардан кейін жарық көрді. Түркі фразеологиясын зерттеуде алғаш атсалысқан қазақ ғалымы І.Кеңесбаев болатын. Алғашқы кезеңде әр ұлттың өз тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің негізін айқындау, саралау бағыты тұрды. Тілші ғалымдардың әр жылдары жарық көрген зерттеулері осының айғағы. Фразеологиялық бірліктер құрамын, оның семантикалық-тақырыптық аясын ғылыми түрде тұжырымдау С.Мұратов, Ә.Қайдаров т.б. еңбектеріне негіз болды. Орыс тіл білімінде бұл салада көп еңбек сіңірген – академик В.В.Виноградов.

Фразеологиялық орамдар тілдік единица ретінде лексика-семантикалық жағынан сан қырлы. Алайда фразеологизмдерді саралап бөлуде, олардың варианттылығын айқындауда тек лексика-семантикалық талдаумен шектелу жеткіліксіз болар еді. Фразеологизмдердің түрлерін, варианттылығын қарастырғанда олардың структуралық-грамматикалық ерекшеліктерін де еске алу қажет. Қазақ тілі жалғамалы (агглютинативті) тілдер тобына жататындықтан сөздердің морфологиялық варианттарының болуы заңды. Ал қазіргі тіл біліміндегі тұрақты тіркестер жөніндегі басты мәселе – оның басқа түркі тілдерімен салыстырмалы түрде зерттеліп, ішкі мағынасы мен грамматикалық құрылымының салыстырмалы түрде айқындалмауы. Нақтырақ келетін болсақ, дене мүшелері атауларына қатысты фразеологизмдер ерекше зерттелуі керек. Тіл ғылымы нақтылық пен жүйелілікті қажет ететінін ескеретін болсақ, аталмыш салада теорияны нақты мысалдармен ұштастыру керек. Олай болса, қазақ және түрік тілдеріндегі дене мүше атауларына байланысты бірнеше фразеологизмдерге тоқталып, оған салыстырмалы түрде талдаулар жасаймыз.

Қазақ тіліндегі *ҚАС ПЕН КӨЗДІҢ АРАСЫНДА* деген фразеологиялық тіркестегі зат есімдер шылау арқылы байланысады. Мысалы, Ойпырма-ай, *қас пен көздің арасында* соқыр боп қала жаздадым (З.Қабдолов). Ырысалды *қас пен қабақтың арасында* жай адамға із-түзін білдірмей, табанын жалтыратып отырды («Ком. таңы») [1, 434-б].

Ал түрік тіліндегі *KAŞLA GÖZ ARASINDA* деген нұсқасында «қас» және «көз» сөздері көмектес септігінің жалғауы арқылы тіркеседі. Аталған тұрақты тіркестердің мағынасы ұқсас болғанымен, байланысу тәсілдері мүлдем бөлек. Себебі «пен» сөзі қазақ тілінде жалғаулық шылау ретінде алынса, -la жалғауы қазақ тіліндегі көмектес септігінің –мен, -пен, -бен жалғауларының варианты. Фразеологиялық тіркестің қазақ тіліндегі «көздің» сөзіндегі ілік септігінің –дің жалғауы түрік тіліндегі нұсқасында жасырын тұр. Яғни, септік категориясының нөлдік формасын қабылдаған. Нөлдік қосымша арқылы грамматикалық мағынаның берілуі жайлы Н.Оралбайдың «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты еңбегіне қарастырылған. Ал ұқсастығына келетін болсақ, екі фразеологиялық тіркесте де қолданылған көмекші есімдер бірдей формамен жасалған. Яғни, тәуелдік және септік категориялары бірдей. Осы тіркестің қазақ тіліндегі синонимі «көзді ашып-жұмғанша» деп І.Кеңесбаевтың сөздігінде халықтық өлшем ретінде көрсетілген. Бұл жердегі мағынасы лезде, тез, жылдам. Ал түрік тілінің Ömer Asım Aksoy құрастырған фразеологиялық сөздігінде «өте аз уақыт ішінде» деп берілген. Демек, мағыналары синонимдес келеді. Осы мәселе тұрғысынан Г.Смағұлова фразеологиялық единицалардың морфологиялық құрылысы әр түрлі болғанымен, іштей, яғни семантикалық жақтан айырмашылығы болмайтын түрлері фразеологизмнің морфологиялық варианттары болады деген пікір айтқан болатын.

Бұнымен мәндес, яғни көмектес септігін қолдану арқылы тіркескен *DÖRT GÖZLE BEKLEMEK* фразеологизмін жоғарыда көрсетілген түрік тіліндегі *vasita durumu*-ның -la, -le жалғауларының бір варианты ретінде атауға болады. Оның түрікше сөздіктегі мағынасы: *Büyük bir özlemle, büyük bir istekle, sabırsızlıkla beklemek* [2, 611-6]. Мұндағы *dört gözle* тіркесі контексте бірігіп келіп пысықтауыш қызметін атқарғандықтан, -le жалғауымен келген бұл сөзге Немен? деген сұрақты қоя алмаймыз. Себебі мағыналық жағынан алғанда Қалай? деген сұраққа жауап беріп, қазақ тіліндегі ЕКІ КӨЗІ ТӨРТ БОЛУ тіркесімен ұштасады. Екі көздің төртеу болуы арқылы жасалған бұл фразеологизм түрікше нұсқасындағы мағынасымен алсақ, төрт көздеп күту тіркесі шыдамсыздана, тағатсыздана күтумен сәйкес келеді. Мысалы: Қалмақтай қолға т.скен ықтиярсыз, *Төрт болар* құлға барсаң *екі көзің* (Айтыс) [1, 203-6]. Ал компонент санына келсек, қазақ тілінде «екі» сан есімінің қолданылу арқылы артып тұр. Осы тіркестің қазақша нұсқасы – түрік тіліндегі фразеологизмнің квантативті варианты. Оған «құрамындағы компоненттерінің кемуі арқылы («эллипсис») немесе қосылу арқылы жасалған лексикалық варианттар» [3, 58-6] деген анықтама беріледі.

Түрік және қазақ тілдері түбі бір туыстас агглютинативті тілдерқатарына жататындықтан, одан да бөлек түбірі бір екі ұлттың сөз қолданыстары өте ұқсас болып келеді. Жоғарыда келтірілген мысалдардың сыртқы формасында бірлі-жарым айырмашылықтар болғанымен, туындайтын мағыналары бір. Алайда құрамындағы лексикалық бірліктері мен формалары екі тілде де бірдей жасалатын фразеологиялық тіркестер де жоқ емес. Мәселен, *GÖZ KULAK OLMAK* деген бар түрік тілінде. Сөздікте екі түрлі мағынасы көрсетілген: 1.Korunması gereken kimseyi, şeyi görüp gözetmek; 2.Görme, işitme yoluken bilgi edinmeye çalışmak [2, 682-6]. Дәл осындай морфологиялық ерекшеліктерімен байланысқан тіркесті қазақшада КӨЗ-ҚҰЛАҚ БОЛУ дейді. Мысалы: Жақын жерге барсам, Ержан да *көз-құлақ болар* (С.Мұқанов) [1, 330-6]. Яғни, қазақ тілінде қос сөз ретінде келгенмен, олардың компоненттерінің саны мен морфологиялық құрылымы жағынан ұқсас. Тек түрікше нұсқасындағы «olmak» етістігіндегі -mak жұрнағы қазақ тіліндегі «болу» сөзіндегі –у морфемасымен сәйкес келеді. 2002 жылғы «Қазақ грамматикасында» –у жұрнағы арқылы жасалған етістіктерді қимыл атауы деп берген [6, 527-6]. Демек, *olmak* пен *болу* сөздері семантикалық жағынан мәндес, грамматикалық жағынан қимыл атауы болып табылады.

Сол секілді ЕТІ СЕНІКІ, СҮЙЕГІ МЕНІКІ деген тұрақты тіркес те ЕТІ SENİN, KEMİĞİ BENİM деп аударылады. Яғни, осы сияқты фразеологизмдер морфологиялық құрылымы жағынан ешқандай айырмашылығы болмайтын сөздердің қатарына жатады. *Deyimler sözlüğü*-нде *çocuğumu gereği gibi eğitmek için istediğin kadar, öldüresiye, dövebilirsin (Okula, sanata başlatılan çocuğun velisi öğretmene, ustaya söylüyor)* деп түсіндіріліп өтеді [2, 647-6]. Ал І.Кеңесбаев қазақ тіліндегі сөздікте Т.Ахтановтың шығармашылығынан алынған «Қазақ баяғыда баласын молдаға оқуға бергенде *«сүйегі менікі, еті сенікі»* деп беруші еді» деп мысал келтіреді [1, 638-6].

Екі тілдің де дене мүше атауларына қатысты фразеологиялық тіркестерінің морфологиялық ерекшеліктері әр алуан. Тіпті, бір мағынаны білдіргенмен, екі тілде екі бөлек атауларды қолдану арқылы тіркескендері де бар. Мысалы, *BAŞINI KAŞIYACAK VAKTİ OLMAMAK* деген тіркестің қазақша баламасын жоғарыдағы мысалдағыдай сөзбе-сөз айту қиынға соғады. Себебі фразеологизмнің сыртқы формасы өзгере бергенімен, мағынасын сақтап қалуы әр тілдің сөздік қоры үшін аса маңызды. Ömer Asım Aksoy оның мағынасын «Ellindeki işleri yapılması gereken zamanda yetiştiremeyecek ve arada en küçük başka bir iş yaramayacak kadar sıkışık durumda bulunmak» деп түсіндіреді [2, 647-6]. Яғни, үш түрлі грамматикалық мағынаны беретін сөздерден құралған бұл тіркестің алғашқы компоненті тәуелді септік категориясында тұрса, екінші компонентінің түбірлес сөзбен алмастырылуы осы фразеологизмнің *BAŞINI KAŞIMAYA VAKTİ OLMAMAK* деген синонимінің де қолданысқа енуіне себеп болды. Ал екінші жалпы категориялық мағынаны білдіріп тұрған сөздің (*vakti*) тәуелдік жалғау (–i) формасы өзінің алдынан ілік септіктегі субъект иесінің болуын қажет етсе, фразеологизмнің мағына тұрақтылығына байланысты соңғы компонентіне (–ma)

болымсыз етістіктің жұрнағы жалғануы заңды. Бұл тіркестің қазақша нұсқасы I.Кеңесбаевта «жұмыстан бір сәт босамады, қолы тимеді» мағынасын білдіретін *МҰРНЫНАН ШАНШЫЛЫП ЖҰР* немесе *МҰРНЫНАН СУ КЕТІП ЖҰР* дейтін көмекші етістікпен аяқталатын екі түрлі тұрақты тіркеспен берілген. Осы тұста айта кететін бір жайт, сөз таптарындағы категориялық ерекшеліктерінің айырмашылығын былай қойғанда, әр түрлі дене мүше атауларының қатысуымен жасалған тіркестердің білдіретін мағынасы ұқсас келеді. Бірақ түрікше нұсқада болымсыз формамен қимыл атауы болып аяқталған фразеологизм қазақ тілінде етістіктің ерекше түрі, яғни (-іп) көсемше жұрнағы жалғанып, болымды түрде іс-әрекеттің осы шақта болып жатқанын білдіріп, аналитикалық формантты етістікпен берілген. Бұған мысал ретінде «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» ауызекі тілде айтылатын «Байқұсты қайтсін, өзінің де *мұрнынан су кетіп жүр*» сөйлемі мен С.Бегалин шығармашылығындағы «Егер қатар лақтаған жалқы ешкі болмай қалса, онда емізік беру, андып отырып кезек емізу Мұслиманы *мұрнынан шаншылдырды*» деген үзінді алынған [1, 521-б].

Дәл осы аталған мәселемен сабақтас келетін *KULAĞI DELİK KİŞİ* (Olup bitenleri çabuk haber alan) [2, 793-б] фразеологизмі қазақ тіліндегі АҚПАҚҰЛАҚ БОЛУ тіркесімен мағыналас екенін байқаймыз. Мұндағы құлақтың тесік болуы белгілі бір адамның құлағына байланысты айтылып тұр. Ақпақұлақ болу да сөз ұқпайтын адамның қасиетін сипаттап тұр. Бірінші тіркес компоненттері тәуелдік категориядағы «құлақ» адъективтенген «тесік» сөзі арқылы сол қасиетке ие кісіге телініп тұр. Сәйкесінше екінші фразеологизмдегі «ақпақұлақ» сөзі «болу» қимыл атауымен бірігіп, күрделі етістік жасап тұр. Екеуінен туындайтын мағына бір болғанымен, құрылымы әр түрлі болатынын көреміз. Мысалы: Басыңнан бақ-дәреже таймасын күй. Парықсыз, *ақпақұлақ* ақымақ болмай, Көрінсе нұсқалы сөз, көңіліңе түй (Б.Өтетілеуов) [1, 32-б]. Біз жоғарыда құрамындағы компоненттері әр түрлі болғанмен мағыналары синонимдес келетін тіркестерді салыстыра көрсеттік. Бірақ та келтірілген тұрақты тіркестердің құрамындағы дене мүше атаулары ұқсас. Себебі біздің талқылап отырған мәселеміз де адам дене мүшелеріне байланысты фразеологизмдер екенін ескерген жөн. Түрікше қолданыстағы *GÖZE BATMAK* тұрақты тіркесі осы жағдайға тура дәлел бола алады. Берілген фразеологизмнің қазақша аудармасы ретінде КӨЗГЕ КҮЙІК БОЛДЫ тіркесін алып қарастырайық. Мұндағы дене мүше атауынан басқа «batmak» және «күйік болу» сөздерінің мағыналары әрқалай. Біз жоғарыда айтып өткендей қимыл атаулары мұнда да қолданылып тұр. Ал «күйік» сөзі есім негізді күрделі етістіктің негізі екенін байқаймыз. Екі тіркесте де бірдей морфемалық құрам (түрік тіліндегі «*yönelme durumu*») (-е) қазақ тіліндегі барыс септігі (-ге)) кездеседі. Ал «күйік» сөзі алдыңғы мысалдағы «тесік» сөзімен морфемалық құрылымы жағынан өте ұқсас. Екеуі де – адъективтенген күрделі етістіктің жетекші сыңары. Мысалы: *Көзге күйік болып*, бос сенделіп жүргеннен қиын болмас, - деді Асан (Т.Ахтанов) [1, 325-б]. Бұл да – екі түрлі тілдегі тіркестердің квантативті варианттарымен ерекшелетінінің дәлелі.

Құрылымы жағынан әр түрлі, мағыналық жағынан сәйкес келетін және бір қолданыста да бір бағытта жүретін тіркестер өте көп кездеседі. Екі тілде де айтылуы мен құрамы әр түрлі, ал мағыналық қолданысы жағынан бір мұндай терминдер алдыңғы зерттеулерде синонимдес фразеологизмдер деп те аталып жүр. Мәселен, *ELİ UZUN* және *AĞZI BOZUK*, өз кезегінде алғашқысы «ұры», екіншісі «әдепсіз» деген мағыналарына жуық. Ал морфологиялық құрамына келсек, «eli» және «ağzı» сөздері тәуелденіп келген (yelik eki) зат есім екені белгілі. Бұл тіркестердің түрік тілі сөздігінде мынадай мағыналары келтірілген: Her söyven, sözleri küfürle dolu olan және fırsat buldukça öteberi aşırان. I.Кеңесбаевта «аузына келгенін оттап, балағаттайды» және «суық қол кісі, ұрлыққа бейім адам» деген мағыналарды білдіретін тіркестерге мынадай мысал келтірілген: 1. - Ақ үйдегі көзі кемтар «пірәдар» да аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығып жындана берсін (С.Сейітов). Аузынан ақ ит кіріп, қара ит шығып Елемеске тиісе бастап еді, Қосыммен кес-кестеп сөйлетпей қойдым (С.Омаров) [1, 83-б]; 2. Директордың үйі көшіп келгелі Түнқатар ептеп қолының «*жиендігі*» бар Костинді сонда ертіп барып, есігінің алдында бөлек беседка жасатып жүретін-ді (С.Адамбеков). Бекем

аспазшымыздың қолының жымысқысын да ескертіп өтті («Лен. жас»). Қолы сұғанақтықтан қолындағы сиырынан да айырылып қалды («Қаз. әдеб.») [1, 453-б]. Яғни, қазақ тіліндегі дене мүше атауларына «аузы+нан» тәуелді септеу категориясының шығыс септік формасы, «қолы+ның» тәуелді септеу категориясының ілік септік формасы жалғану арқылы жасалған. Жоғарыдағы фразеологизмдерге екінші сыңар ретінде «uzun» және «bozuk» адъективтері атрибутивті қызмет атқарып тұрса, қазақ тіліндегі фразеологизмдердің екінші сыңарлары - «ақ ит кіріп, қара (көк) ит шығады» және «жиендігі» бар, жымысқысы бар, сұғанақтығы бар». Біріншісі өз кезегінде етістіктің күрделі түріне, оның ішінде тұрақты етістікке жатса, соңғысы тәуелді зат есім мен модаль сөздің тіркесуі арқылы жасалып тұр.

Сонымен біз қазақ-түрік тілдеріндегі дене мүше атауларына қатысты фразеологизмдерді салыстыра келе, екі туыстас тілдің қолданысындағы тұрақты тіркестер морфологиялық құрылымы жағынан ұқсас болып, мағыналық жағынан да сәйкес келетінін байқадық. Фразеологизмдердің морфологиялық варианттары семантикасы, грамматикалық формасы, конструкциясы жағынан өзара эквивалентті, морфологиялық толық не қысқарған түрдегі компоненттердің алмасып келуі және құрамындағы соңғы компонентке түрлі теңеу жұрнақтарының жалғануы арқылы морфологиялық варианттар жасалады. Мұндай өзгерістер фразеологизмнің семантикасына әсер етпейді. Тұрақты тіркестерде сөз таптарының қолданысы әр түрлі болғанымен, контекстегі мағынасы ұқсас келеді. Әрине, бұл лексикологияның зерттеу объектісі десек те, тілдің, тілдегі форма мен мағынаның бір-бірінен ажырамас нәрселер екенін естен шығаруға болмайды. Талдау барысында байқағанымыздай екі тілге ортақ бірнеше фразеологизмдер ұшырасты. Яғни, мұндай тұрақты тіркестерді «түркі халықтарына ортақ» фразеологизмдер деп атауға болады деген тұжырымға келеміз. Бұл түбегейлі түрде зерттеуді қажет ететін лексикологияның бір мәселесі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.
2. Ömer Asım Aksoy. Deyimler sözlüğü. Türk tarih kurumu basımevi. – 1984. – 968 бет.
3. Смағұлов Г. Фразеологизмдердің варианттылығы. Көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1996. – 128 бет.
4. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 бет.
5. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы: - Оқулық. – Алматы, 2007. – 390 бет.
6. Қазақ грамматикасы. Астана. – 2002. - бет

ЭЛЕКТРОНДЫ КОММУНИКАЦИЯНЫҢ ЖАНРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Уткельбаева Жұлдыз Аятқызы

zhuldyz.ayat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент М.К.Ахметова

Коммуникацияның зерттелуі көптеген жалпы және жеке ғылымдардың маңызды міндеті болуы тегін емес. Себебі адамдардың қарым-қатынас жасауы – барлық әлеуметтік маңызды процестердің негізі болып саналады. Жазбаша коммуникацияның даму тарихын үш кезеңге бөліп көрсетуге болады. Бірінші кезең – жазба тілдің қалыптасуы, екінші кезең – Гутенбург революциясына байланысты, яғни ақпараттық материалдың тиражын көбейту мақсатында пайда болған баспа станогының қолданысқа енуі, үшінші кезең – электронды құралдардың дамуы [1, 225].

Дамудың соңғы кезеңі, яғни электронды құралдар ақпараттық ортаны ғана емес, сонымен қатар ерекше виртуалды әлемді, электронды коммуникация жасау мүмкіндігін